

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 317 (2018), 131 – 135

УДК:632.9:631.58:57.04

А. Д. Омарбекова, Г.Е.Ахметкеримова, Т. П. Пентаев,
А. К. Игембаева, Л. Мелдебек, М.О. Калыбеков, Е. Утеев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: ardak_dd@mail.ru; g.a.1980@yandex.ru; t_p_12@mail.ru; a555_muslima@mail.ru;
LMeldebekova@mail.ru; kalibekov@mail.ru; uteev_erlan@mail.ru

ЖЕРДІ ТҰРАҚТЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аннотация. Ауылшаруашылық жерін тұрақты және ұтымды пайдалану, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экологияға негіздеу және еңбек өнімділігінің артуына тікелей әсер етуі туралы мәселелер қарастырылған. Жердің пайдалану тұрақтылығының бұзылуы жерден алынатын өніммен өндірістің технологиялар арасындағы динамиканың тепе-теңдігінің өзгеріске ұшырауының нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге қазіргі кезде ҚР жер қорын пайдалануда жер меншігінің мемлекеттік және жекеменшік болып бөлінді және иеленумен басқаруда оны ұтымды әрі тұрақты пайдалану үшін шекараларын белгілеуден өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Сондықтан жер учаскелерін нысандық және басқа талаптарға сай тиімді пайдалану және жер ресурстарын тиянақты айналымда мүмкіндік береді, яғни ресурстың циклға түседі. Өнім өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үдерісінде адамзат жерді ұзақ пайдалануға тырысады. Табиғатпен қоғамның әрекет ету мәселелерінің ішінде адамзатқа маңызды міндет қоршаған ортаны жақсы жағдайда сақтау қоғамның біртіндеп өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл дегеніміз, болашақта индустриялық-инновациялық дамыған алдыңғы қатардағы аграрлық мемлекеттік болуға біздің елдің толық мүмкіндіктері бар екеніне дәлел.

Мындаған жылдар бойы, шаруашылық және қоғамның дамуы нәтижесінде адамдардың өмір сүру ортасы, таза табиғаттан біртіндеп табиғи антропогендік және антропогендікке айналды. Табиғи үрдістер ортаның қасиеті емес, сонымен қатар қоғам және табиғаттың қарым – қатынасының мәселелері. Табиғатты пайдаланудың әр – түрлі әлемдік, аймақтық, жергілікті деңгейдегі табиғи үрдістері мен жағдайларға байланыстылығы бақыланып отырды. Қазіргі таңда ауылшаруашылықта жерді тұрақты пайдалану әдістемелері пайдалануда.

Түйін сөздер: жерлерді тиімді пайдалану, жерді ұтымды пайдалану, жерді тиянақты пайдалану, ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер.

Кіріспе. XXI ғасырдағы әлемдік жүйедегі өзінің өзектілігі алдыңғы орында тұрған, табиғатты пайдаланудың экологиялық – экономикалық мәселелері болып тұр. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы табиғатты пайдаланудағы дағдарыстың себепшісі, ұлттық экономика саласындағы соның ішінде ауылшаруашылығын экологиялық – экономикалық тиімді пайдалану механизмдері, сонымен қатар жерді тұрақты әрі ұтымды пайдалану әлемдік талаптарға сай келуіне басты мән беруде. Еліміздің көптеген аймағындағы жерлердің 66% пайызы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дағдарысқа ұшыраған, оны қайта қалпына келтіру көптеген қаржы мен ұзақ уақытты талап етеді. Ауыл-шаруашылық жерлерін тиімді пайдалану, орнықты орналастырумен оны үлестіру әрі экологиялық – экономикалық жағынан таза өнімдер алу үшін білікті де білімді мамандар қажет. Елімізде 2007 жылы Елбасының тапсырысы бойынша «Экологиялық кодекс» жанданып және барлық қоршаған ортаны қорғауға байланысты талап пен іс – шараларды жүзеге асыруда осы құжат басшылыққа алынды [1,2,3].

Ауылшаруашылығындағы жерлерді тұрақты түрде пайдалану бұл экономикалық өсудің, жер ресурстарының сапалық жағдайы түзетілуінің, тұрғындардың материалдық және рухани

қанағаттануының оң арақатынасына қол жеткізілетін қоғамдық дамудың қатынас жүйесі. Тиянақты жер пайдаланудың қажеттілігін, жер ресурстарын сақтап қалудағы оның маңыздылығын дәлелдей отырып, негізгі әлеуметтік, экономикалық және экологиялық заңдар мен қағидаларға сүйену қажет.

Қазақстандағы жер пайдаланудың жаңа парадигмасын – әлеуметтік –бағытталған экономиканы құру, теңестірілген жер пайдаланудың экологиялық – экономикалық негіздерін анықтау және оларды енгізу жолдарын табу жағдайында жерді тұрақты пайдалану тұжырымдамасын талдау.

Жер учаскесінің сапалық жай-күйі

Егістік		Шабындық мен жайылым			
		Жақсартылған шабындықтар мен жайылымдар: көп жылдық шөп егіліп, түбегейлі жақсартылған			1,2
		Жақсартылған шабындықтар мен жайылымдар: Өсімдік жамылғысының түр-құрамын өзгертпей, беткі қабат жақсатылған			1,1
		Шабындықтар		Жайылымдар	
Жердің мелорациялық жай-күйі		Жердің жай-күйі		Жердің жай-күйі	
Жақсы (топырағы тұзды емес және сортаң емес, тассыз, эрозияға ұшырамаған; жер асты суларының тереңдігі тұщы су - 3 метрден астам,минералды су -6 метрден астам	1, 2	Жақсы ластанбаған, бұташпiлiк баспаған, ағаш өспеген тассыз, аймақтық өсімдіктердің белгілері жақсы байқалатын жер учаскесі)	1,2	Жақсы (ластанбаған, бұташпiлiк баспаған, ағаш өспегентассыз, аймақтық өсімдіктердің белгілері жақсы байқалатын жер учаскесі)	1,2
Қанағатандарлық (топырағы аздап тұзды, сортаңдау, тасы аз,аздап эрозияға ұшыраған минералдануы төмен жер асты суларының тереңдігі 3-6 метр	0,9	(ластанған,бұта-шпiлiк басып кеткен, ағаш өскен,тастак, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымын бұзылған. Аталған белгілері аумақтық 40 пайызынан астам алаңынан байқалады)	0,9	Қанағатандарлық (ластанған, бұташпiлiк (азыққа жарамайтын бұталар) басқан, ағаш өскен тастак, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымын бұзылған, қатты тапталған жайылымдар, жалаңаш сорлары-бар, сортаң топырақты тақыр жер учаскесі. Аталған белгілері аумақтық 40 пайызына дейін алаңынан әзірленеді)	0,9
Қанағаттанғысыз (топырағы орташа және аса тұзданған, орташа және аса сортаң, тастак, орташа және күшті эрозияға ұшыраған, 1 г/л астам суларының тереңдігі 3 метрден кем) 0,6	0,6	(ластанған, бұта-шпiлiк басып кеткен, ағаш өскен, тастак, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымын бұзылған. Аталған белгілері аумақтық 40 пайызынан астам алаңынан байқалады)	0,7	Қанағатандарлық (ластанған, бұташпiлiк (азыққа жарамайтын бұталар) басқан, ағаш өскен тастак, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымын бұзылған, қатты тапталған жайылымдар, жалаңаш сорлары-бар, сортаң топырақты тақыр жер учаскесі. Аталған белгілері аумақтық 40 пайызына дейін алаңынан әзірленеді)	0,6
Жер бетінің еңістігі		Жер бетінің еңістігі		Жер бетінің еңістігі	
1 градусқа дейін	1	3 градусқа дейін	1	12 градусқа дейін	1
1-ден 3 градусқа дейін	0,98	3,1-ден 6 градусқа дейін	0,95	13-ден 20 градусқа дейін	0,8
3-тен 5 градусқа дейін	0,96	6,1-тен 10 градусқа дейін	0,9	20 градустан жоғары	0,6
5-тен 7 градусқа дейін	0,93	10,1-тен 20 градусқа дейін	0,85		
7 градустан астам	0,86	20 градустан астам	0,5		
1					

Ауылшаруашылықта жерді тұрақты түрде пайдалануды қамтамасыз ету жерлердің сандық сипаттамаларын төмендетпейтін жер пайдалануды білдіреді. Жерді пайдаланудың тұрақтылығын қамтамасыз ету дегеніміз – бұл ауылшаруашылық алқаптарының аудандары сақталатын және

олардың шұрайлылығының төмендеуіне жол бермейтін, дұрыс, яғни, заңнамаға сәйкес жер пайдалануды, басқа табиғи нысандардың жағдайын төмендетпейтін жинақы құрылыс ұйымдастырлатын, жерлерді уақытылы және мақсатына сай пайдалану қамтамасыз ететін, нақты жер учаскелерінің табиғи – климаттық және географиялық ерекшеліктеріне жақсы жағынан сай келетін жер пайдалануды қамтамасыз ететін жер пайдалануды ұйымдастыру [4, 5, 6].

Орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін жер пайдалану субъектілерінің өкілеттілігін нақты анықтайтын, жерге иелік ету, оны пайдалану мен билік ету өкілдігін белгілейтін жерге меншік құқығын орнату қажет. Жер меншігі қатынастарында жер пайдаланудың экономикалық және экологиялық құрамдас бөлігі, әлеуметтік байланыстар және процесстер толықтай іске асуы тиіс [7, 8, 9].

Бұндай қағидатты қамтамасыз ету қоғамның орнықты дамуына жағдай жасайды.

Тәуелсіздік жылдарының ішінде де жер ресурстарының құндылығын көтеру, оларды тиімді пайдалану және қорғау мәселесі мемлекеттік деңгейде шешілмеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың жер пайдалану жағдайын бағалау бойынша ұстанымдарын талдау негізінде жер пайдалануда экономикалық тәсілдеме басымдау, ал әлеуметтік және экологиялық сәйкесінше екінші және үшінші орында екіндігі анықталды. Бұндай жағдайды өзгертуге жерді пайдалануды үдетуді анықтау мен бағалау, барлық жер алқаптарын есепке алу мен кадастр және аумақтық шекараны анықтау

үшін жаңашыл тәсілдерді дайындауға деген сұраныс туындайды. Қазіргі таңдағы жер учаскесінің жай-күйі қолға алынуда. Жер ресурстарын көп жылдар бойына пайдалану оның тозуына әкеп соғады, ал ол мәселені шешудің механикалық жолдарын енгізуді емес, ғылыми тұрғыда негізделген ұйымдастырушылық – басқарушылық шешімді қабылдауды талап етеді. Қоғамның бүгінгі даму кезеңінің үрдісі табиғат ресурстарын пайдалануда экологиялық, әлеуметтік және басқа да бағыттарды біріктіретін жаңа тәсілдерді енгізу қажеттілігіне әкелді.

Бұның барлығы жер пайдалану саласында қалыптасқан бүгінгі мәселелерді шешу жағдайы орнықты даму үлгісіне көшпей мүмкін еместігін дәлелдейді. Орнықты даму стратегиясы – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мақсаттарда мемлекеттерді ұлттық және халықаралық тұрғыдан дамыту үшін бірігудің амалы, оның бір бағыты ретінде үйлестірілген жер пайдалану танылады.

Қазақстандағы жер пайдаланудың жаңа парадигмасын – әлеуметтік бағытталған экономиканы құру, теңестірілген жер пайдаланудың экологиялық-экономикалық негіздерін анықтау және оларды енгізу жолдарын табу жағдайында жерді тұрақты пайдалану тұжырымдамасын талдау.

Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер ауданының динамикасы.

Жерді тұрақты түрде пайдалануды қамтамасыз ету жерлердің сандық сипаттамаларын төмендетпейтін жер пайдалануды білдіреді. Орнықты жер пайдалануды қамтамасыз ету дегеніміз – бұл ауылшаруашылық алқаптарының аудандары сақталатын және олардың шұрайлылығының төмендеуіне жол бермейтін, дұрыс, яғни, заңнамаға сәйкес жер пайдалануды, басқа табиғи нысандардың жағдайын төмендетпейтін жинақы құрылыс ұйымдастырлатын, жерлерді уақытылы және мақсатына сай пайдалану қамтамасыз ететін, нақты жер учаскелерінің табиғи – климаттық және географиялық ерекшеліктеріне жақсы жағынан сай келетін жер пайдалануды қамтамасыз ететін жер пайдалануды ұйымдастыру. Келесі шара – ауыл шаруашылығына субсидиялар беруді жүйелендіру.

Аталған мәселе бойынша мемлекет саясатының мәні, ол ауыл шаруашылық субъектілеріне берілетін субсидияларды озық технологиялар мен сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіреті және жер ресурстарын тиімді пайдаланатын субъектілерге басымдылық ретінде беруді жүйелендіру болып табылады. Соңғысы – жер пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Мемлекеттің басты әкімшілік функцияларына жататын мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты жер пайдалануда заңдылықтардың сақталуын бақылау болып табылады. Аталған функцияны агенттіктің өңіраралық жер инспекциялары атқарады.

Орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін жер пайдалану субъектілерінің өкілеттілігін нақты анықтайтын, жерге иелік ету, оны пайдалану мен билік ету өкілдігін белгілейтін жерге меншік құқығын орнату қажет. Жер меншігі қатынастарында жер пайдаланудың экономикалық және экологиялық құрамдас бөлігі, әлеуметтік байланыстар және процесстер толықтай іске асуы тиіс.

Бұндай қағидатты қамтамасыз ету қоғамның орнықты дамуына жер пайдаланушылардың моральдық материалдық, әл-ауқаттың мүмкіндіктерін жақсартуға жағдай жасайды.

Зерттеу әдістемесі мен материалдар. 2016 жылдың қорытындысы бойынша, агенттіктің жер инспекциялары көлемі 1,3 млн. га жерде 9 мыңнан аса пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтады. Сонымен қатар, көлемі 2,04 млн. га болатын 3,4 мың жер учаскелері иесіз учаскелер ретінде есепке қойылды. Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты инспекция көлемі 1,6 млн. га жерде 1,6 мың тексеріс жүргізіп, жалпы көлемі 416,3 мың га жерде 894 жер заңнамасы нормаларының бұзылуын анықтады. Тексеріс нәтижелері бойынша 894 субъекті жауапкершілікке тартылды (ауылшаруашылығына белгіленген жерлерді тиімсіз пайдалану немесе мүлде пайдаланбағаны үшін) оларға жалпы сомасы 17,9 млн теңге айыппұл салынды және 119 жағдайда ескерту түрінде әкімшілік шаралар қолданылды. [10,11,12].

Нәтижелерді талдау. Көлемі 41,1 мың га болатын 9 жер учаскелері бойынша сот органдарына талап – арыздар дайындалды. Аграрлық сектордың иелік етуші субъектілеріне нысаналы белгіленген ауданы 583,3 мың га жерлерді пайдалану қажеттілігі туралы 5,1 мың ескерту хаттар жіберілді. Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын 480,2 мың га жерлер жер пайдаланушылардың иелігінен шығарылып, мемлекеттік меншікке қайтарылды. Жерлерді тиімді пайдалану бойынша мемлекет тарапынан жүргізілетін іс-шаралардың келесі бір бағыты, ол жер иелерінің өздері бастамашы болатын іс-қимылдар. Еліміздің заман талабына сай нарықтық экономикаға көшуіне байланысты, республикамыздағы ауылшаруашылық мақсаттағы жерлері негізінен мемлекеттік емес субъектілердің иелігіне көшкені аян. Еліміздің негізгі табиғи байлығы – ол жер ресурстары, экономикалық және әлеуметтік қамтамасыз етілуінің негізі [13,14,15].

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық құрылымдарының реформаға ұшырау процестері жер қатынастарының түбегейлі өзгеру қажеттілігін және тікелей мемлекеттің басқаруы және бақылауы арқылы жер реформаларын жүргізу алғы шарттарын әкелді. Нарық экономикасына көшу, жерге әр түрлі меншік құқығының, ақылы жер пайдаланудың, жердің жылжымайтын мүлік ретінде заңдылық тұрғысынан танылуы қажеттілігін және негізгі функцияларын сақтай отырып, өндіріс құралы ретінде заңдылық тұрғыдан реттелуінің қажеттілігін туғызды.

Қорытынды. Осыған байланысты, еліміздің жер ресурстарының потенциалын тиімді пайдалану мен қорғаудың негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау ерекше маңызды болып саналады. Бағдарлама жерді тиімді пайдалану мен қорғаудың – қоғамның ортақ және жеке жер пайдаланушының мүдделері үшін бір-бірімен байланысты ұйымдастыру–шаруашылық, агротехникалық, орман мелиоративтік және тағы басқа шараларды дамыту негізінде ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің жаңа сапасына көшуға бағытталған.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Послание Президента “Стратегия Казахстана-2050”. – 2013.
- [2] Сулин М.А. Землеустройство. – Издательство “Лань”, 2005. – 448 с.
- [3] Игембаева А.К., Пентаев Т., Оспанов Б.С. Совершенствование управления земельными ресурсами // Известия серии аграрных наук. – Алматы, 2014. – № 1. – С. 59-62.
- [4] Омарбекова А., Пентаев Т., Игембаева А. Виргиния Гурскиене. Анализ использования земельных ресурсов для обеспечения устойчивого землепользования. – ISSN 2243-6944 (online) ISSN 2243-5999 (print) Proceedings of scientific methodical conference “BalticSurveying’16”, Jelgava 2016, 58-64.
- [5] Джуламанов Т., Пентаев Т., Игембаева А., Абаева К. Эффективное использование земельных ресурсов в Республике Казахстан.
- [6] Дюсенбеков З.Д. Проблемы рационального использования потенциала земельных ресурсов Республики Казахстан и его охраны // Земельные ресурсы Казахстана №5 (44), -С.4-10.
- [7] Рассказова А. Опыт управления земельными ресурсами в зарубежных странах // Земельные ресурсы Казахстана №6 (45), 2007.- С.16-21.
- [8] Сейтхамзина Г.Ж. Рациональное использование и охрана сельскохозяйственных земель в рыночных условиях: методические аспекты и экономический механизм // Автореферат на соискание ученой степени кандидата экономических наук – Алматы, -31с.
- [9] Дюсенбеков З.Д. Государственный земельный кадастр в Республике Казахстан (состояние ведения, проблемы) // Земельные ресурсы Казахстана №1 (16), 2003.- С.5-8.
- [10] Ахмеденов К.М. Динамика и сбалансированность структуры землепользования степей Западно-Казахстанской области // Проблемы региональной экологии. – М., 2008. – №3.- С.34-39.

- [11] Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2008 г. Астана, 2
- [12] Абиджанов С. Экономические и социальные проблемы развития сельского хозяйства в Центрально-азиатских странах СНГ. М., 1995.
- [13] Агафонов Н.И. Недооценка арендных отношений при реформировании аграрного сектора в странах СНГ//Аграрная наука, 1996, №1.
- [14] Айгазиев А.Т. Аграрная реформа и плодородие земли. М.: Диалог -МГУ, 1998.
- [15] Айгазиев А.Т. Экологические факторы эффективного использования земель. : Алматы: ОФ «БИС», 1999.

УДК:632.9:631.58:57.04

**А. Д. Омарбекова, Г.Е. Ахметкеримова, Т. П. Пентаев,
А. К. Игембаева, Л.Мелдебек, М.О. Калыбеков, Утеев Е.**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ ПУТЕМ СОЗДАНИЯ УСТОЙЧИВОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ

Резюме. Показано эффективное использование сельскохозяйственных земель путем создания устойчивого землепользования, основанное на экологии, не причиняющей вред окружающей среде и прямое влияние на увеличение производительности труда. Нарушение равновесия между получаемой продукцией, динамики, устойчивости технологий производства, использования земель, земли-результат окружения является изменением.

Вместе с тем, в настоящее время ее управлении и использовании земельного фонда и частного, рационального и устойчивого использования государственной собственности на землю было для приобретения считается одной из актуальных проблем в установлении границ. Форменная и эффективного использования земельных ресурсов и других земельных участков, поэтому позволяет аккуратно айналым требованиям, то есть поступает в цикл ресурса. Человечество стремится в процессе продукции, длительное использование земель, удовлетворение жизненных потребностей. В случае проблем человечества с природой в течение действия общества защиты окружающей среды, важной задачей общества является обеспечение растущих потребностей постепенно. Это значит, что в будущем индустриально-инновационного государственного аграрного нашей страны есть все возможности стать подтверждением передовых.

Ключевые слова: рациональное использование земель, эффективное использование земель, земли сельскохозяйственного назначения

UDC:632.9:631.58:57.04

**A.D. Omarbekova, G.E. Akhmetkerimova, T.P. Pentayev,
A.K. Igembayeva, L. Meldebek, M.O. Kalybekov, T. Uteev**

Kazakh National Agrarian University, Almaty city, Kazakhstan

IMPROVEMENT OF THE EFFICIENCY OF AGRICULTURAL STRUCTURES WITH THE HELP OF LAND PERMANENT USE

Abstract. Efficient use of sustainable lands within agricultural lands, basis on the ecology without adverse effect on the environment and direct influence to the increase of labour productivity. The imbalance between the resulting products, speakers, sustainability, production technologies, land use, land-crash is to change the face with lime blossom. However, at the present time in the management and use of land Fund In state and private ownership of land was for him to rationalize the obtained in the determination of the boundaries of pi is one of the most pressing issues constantly. Shaped and effective use of land resources and other lands, therefore, allows you to gently ayalaland requirements, that is, enters the cycle of the resource. Humanity committed in the process of production, long-term land use, life satisfaction. In case of problems of society and humanity, with the nature of society, the environment, an important task is to secure Brenda Agence grows well. This means that in the future industrial-innovative agricultural state of our country has the potential to be proof of advanced.

Keywords: efficient land use, beneficial land use, sustainable land use, agricultural lands.